



**АСТАНА АКШАМЫ**

## **ДҮНИЕНІ ДҮР СІЛКІНДІРГЕН ЖЕЛТОҚСАН**

**Астанада Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Желтоқсан көтерлісінің 30 жылдығына арналған «Қазақстандағы Желтоқсан көтерлісінің тарихи және халықаралық маңызы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Баяндамашының бірі – «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының төрағасы, жазушы, тарих ғылымының кандидаты Бейбіт Қойшыбайдың сөзімен айтсақ, басқосуда дүниені дүр сілкіндірген желтоқсанның дүмпуі жанжақты сараланды.**



## **БОСТАНДЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫН ҚАЛЬПАСТЫРАТЫН КЕЗІМІЗ КЕЛДІ**

Парламент депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар, шығармашылық адамдары, Желтоқсан көтерлісінің қаһармандары мен сегіз мемлекеттің өкілдері қатысқан алқалы жиынды Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан тарихшылары қауымдастыры, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты үйімдастырылды.

Ұлттық мұддені басты орынға қойып, әрекет еткен «Алаш» қозғалысы мен желтоқсаншылардың арасында ортақ арна бар. Осыған еліміздің Елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібеков назар аударып, желтоқсаншыларды кешегі Алаш арыстарының жалғасына балады.

Қазақстан тарихшылары қауымдастырының төрағасы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, тарих ғылымының докторы, профессор Мәмбет Қойгелді осы ойды тиянақтап, тарқатып берді. «Совет заманында қазақ ұлттының өзін-өзі басқару мүмкіндігі арман күйінде қалды. Ұлттық құндылықтардың біржола жойылып кету қаупі туды. Ұлтшылдар елдің әл-ауқатын, мәдениетін, ұлттың тілін, салт-дәстүрін сақтау, қазақ елін озық

мемлекеттердің қатарынан көру сынды өзекті мәселелерді алдыңғы қатарға шығарды. Жастарды алаңға шығуға да осы жайт итермеледі» деген тарихшы тереңнен тартып, Әлихан Бекейхан мен Ахмет Байтұрсынұлының тағдыры арқылы кеңестік кезеңнің өктем саясатының ұлт зиялышына тигізген кесірін ашты.

Казақ даласын билеген патшалық билікті де, жетпіс жыл бойы ұлттымызды уысында ұстап келген кеңестік жүйені де осы күндерге дейін лигитимді, яғни занды билік ретінде санап келдік. Мәмбет Қойгелдінің айтуынша, осындау ойдан арылуымыз керек. «Қазіргі тәуелсіздік кезеңінде тарихтымызды дұрыстауымыз қажет. Бостандық философиясын қалыптастыратын кезіміз келді» деді ол.

## **СОЦИАЛИЗМ САЯСАТЫ ҚҰЛДЫРАТТЫ**

КР ҰҒА академигі Ғарифолла Есім Желтоқсан көтерілісін туындарқан жайтарға тоқталды. «Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары социализм «ауру» қоғамды туғызғандығын түсіндік. Экономикалық тұрғыдан да, саяси жағынан да құлдырау басталды. Хельсинки қаласында өткен жиналыстан соң Шығыс Еуропа мемлекеттері коммунизмге қарсы бас көтере бастады. Сол кезде ұлттық интеллигенция жаңа заман келе жатқанын сезді. Әрине, аға буынның көңіл күйін жастар да алғарды. Оның шарықтау шегі 1986 жылдың желтоқсанына дөп келді.

Осыдан отыз жыл бұрынғы елімізде болған Желтоқсан көтерілісі 1956 жылғы қазан айындағы Будапешт пен 1968 жылғы Прага көктеміндегі толқулармен сабактасып жатыр. Осындау ойды Венгрияның Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Андраш Барани айтты. Оны Парламент Мәжілісінің депутаты Азат Перуашев қостағандай болды. Сондай-ақ, Желтоқсан көтерілісінің түбі бір түркі әлеміне әсерін Түркияның Кайсери қаласындағы Эрджеес университетінің профессоры Абдулқадыр Ювалы баяндады.

## **БІР ТУҒАН БАУЫРЛАРДЫҢ ҚОЛДАУЫ**

Еліміздегі Желтоқсан көтерілісі бір туған қырғыз бауырларынызды да тыныш жатқызыбаған екен. Ол жөнінде Қырғыз Республикасы Парламентінің бұрынғы төрағасы, тарих ғылымының докторы Зайнедин Құрманов сөз сөйлемді.

«Қазақстанда Желтоқсан көтерілісі орын алғанда мен Мәскеу аспирантурасын бітіріп келіп, Бішкек қаласындағы Медицина университетінде жұмыс істеп журдім. Бір күні басшылар бәрімізді жинап алып, Алматыда студенттер арасында толқулар басталғанын жеткізді. Сол кезде өз жастарынызға ие болуға қатаң тапсырылды. Біз жатақханаларды тексеруге кірістік. Бірақ Қазақстандағы жағдайды естіген студенттеріміз ештеңеге қарамай, терезеден секіре бастады. Оларды тоқтатуға тырысқан ұстаздар болды. Өзім оларға: «Барындар, өздеріңнің азаматтық борыш-

тарынды орындандар!» деп, қарсы болғаным жоқ. КПСС тарихы кафедрасында қызмет атқарсам да, партия мүшесі емес едім, сондықтан қорқатын ештеңем жоқ болатын. Үлкен топ болып жиналған студенттер Қазақстан-Қыргызстан шекарасына дейін жетті. Алайда шекара бекетінен оларды тәртіп сақшылары кері қайтарды. Сонда да кейіннен бірнеше жастарымыз бекеттен өтіп, Қазақстанға жеткенін естідік. Қыргызстанда да қазақ жастарын айыптайтын жиналыстар өткізілді. Алайда қаралағандардан гөрі жастарды жақтағандар көп болды. Сондықтан университеттің партиялық комитеті қазақ студенттерін айыптайтын қарапды қабылдай алмады. Біздің де арымыз таза болып, бір-біріміздің көздеріне қараудан жасқанбадық. Қарсы шыққандар жұмыстан да шығарылмады. Кейін біз партком төрағасын тақтан тайдырып, оның орнына Қыргызстанда түрлі қызметтерді атқарған қазақ азаматы Медет Садырқұловты тағайындастық» деді қырғыз ғалымы.

## ТОҚТАРДЫҢ ЕРЛІГІ ЕЛЕНБЕЙ ҚАЛА ЖАЗДАДЫ

Қазақстанда керісінше жастарды қолдаған ұлт зиялышары қудалауға түсті. Солардың бірі ұлтжанды азамат Ақселеу Сейдімбек болатын. Конференцияда Желтоқсан көтерілісі кезінде оның басынан өткен жағдай туралы да айтылды.

Қазақстан шыққан тұңғыш ғарышкер, Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіровтің тағдырына да Желтоқсан көтерілісі кесірін тигізе жаздапты. 1987 жылдың басында Мәскеуде тұрған Тоқтар Онғарбайұлы әуеде жасаған ерліктері үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алу керек болатын. Горбачевке қол қоюға оның құжаттары әкелінгенде бас хатшы құжаттарды қарамастан лактырып: «Қазақ ұлтының өкілі мұндай марапатқа лайық емес» деп ашуланады.

Кейіннен ғана Мәскеу қаласының партия комитетінің бірінші хатшысы, саяси бюро мүшесі Гришиннің қолдауымен бұл атақ батырымызыға бұйырады. Бұл оқиға Тоқтар Әубәкіровтің конференцияға қатысушыларға жолдаған хатында көрсетілді.

Қазақ әдебиетінде де Желтоқсан көтерілісі тақырыбы қамтылды. Мәселен, жазушы Сейітқұл Оспанов «Құлдар көтерілісі» атты шығармасына арқау қылды. Жазушы Бекежан Тілегенов «Сексен алтыншы жыл» аталатын тарихи роман жазды. Кейінгі аталған шығармаға филология ғылыминың докторы Серік Негимов тоқталды.

Конференцияға қатысушылар «Жастар» шағын ауданындағы мұсылмандар зиратында жатқан Кенесары ханының сарбаздары мен көрнекті Алаш қайраткері Смағұл Сәдуақасұлының рухтарына тағым етті. Шара сонында ұсыныстар мен тұжырымдар сарапталып, арнайы қарар қабылданды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ